**Облыстар мен Алматы қаласы әкімдері аппаратының үлгілік құрылымы, олардың дербес атқарушы органдарының тізбесі, қызметкерлерінің жалпы санының лимиттері, қызметтік жеңіл автомобильдерінің саны, еңбекақы қоры және қызметтік іссапарларға арналған шығындар туралы <*>**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 31 желтоқсан N 1742. 3-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚРҮ-нің 1997.05.16. N 840 қаулысымен. 3-қосымша өзгертілді - ҚРҮ-нің 1997.09.04. N 1321 қаулысымен. ~P971321 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.07.21. N 985 қаулысымен. ~P010985

"Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 29 қазандағы N 3168 U963168_ Жарлығының 4-тармағына, " Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдары аппаратының санын және оны ұстауға арналған шығындарды қысқарту" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 21 қарашадағы N 1425 қаулысына P961425_ сәйкес және жергілікті атқарушы органдар жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Облыстар мен Алматы қаласы әкімдері аппаратының үлгілік құрылымы мен олардың дербес атқарушы органдарының тізбесі 1 және 2-қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Қызметкерлердің жалпы санының лимиттері мен қызметтік жеңіл автомобильдердің саны, еңбекақы қоры және аймақтардың экономикасын ескеріп, жергілікті өкілетті және атқарушы органдар аппараты қызметкерлерінің қызметтік іссапарларына арналған шығыстар 3-6 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

3. Жергілікті өкілетті және атқарушы органдар аппараттары қызметкерлері жекелеген санаттарының сандық нормативі 7-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері бір ай мерзімде аппараттың және дербес атқарушы органдардың құрылымын осы үлгілік құрылымға сәйкестендіруді қамтамасыз етсін, олардың штаттық, еңбекақы қоры мен қызметтік іссапарға арналған шығыстар, белгіленген лимиттер мен қаражат шегінде материалдық-техникалық қамтамасыз етілу мәселелерін қарасын.

Облыстар мен Алматы қаласының әкімдеріне мәслихаттарды материалдық-техникалық қамтамасыз ету жүктелсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жергілікті өкілетті және

атқарушы органдардың штаттық-сметалық тәртіпті сақтауына бақылауды күшейтсін.

6. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Облыстар мен Алматы қаласы әкімдері аппаратының үлгілік құрылымы, олардың дербес атқарушы органдарының тізбесі, қызметкерлерінің жалпы санының лимиттері, қызметтік жеңіл автомобильдерінің саны, еңбекақы қоры және қызметтік іссапарларға арналған шығындар туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 30 желтоқсандағы N 1901 қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 30 желтоқсандағы N 1901 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 1 карашадағы N 1337 қаулысы.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 31 желтоқсандағы
N 1742 қаулысына
1-Қосымша

Облыстар және Алматы қаласы әкімдері
аппаратының үлгілік құрылымы

Облыс әкімі - 1
Әкімнің бірінші орынбасары - 1 (Ақмола облысы-2)
(экономика)
Әкімнің орынбасарлары - 3-4 (Алматы қаласы-5)
Аппарат жетекшісі - 1
Аппарат жетекшісінің орынбасары-
ұйымдастыру және кадр жұмысы
бөлімінің меңгерушісі - 1
Әкімнің көмекшілері мен кеңесшілері - 3
Әкімнің орынбасарларының көмекшілері
мен кеңесшілері - 5-7
Баспасөз хатшысы - 1

Бөлімдер - 6

ұйымдастыру және кадр жұмысы

мемлекеттік-құқықтық жұмыс ішкі

саясат және әлеуметтік сала

экономикалық реформалар жалпы

қаржы-шаруашылық

Қазақстан Халықтары кіші
Ассамблеясының атқарушы хатшылығы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 31 желтоқсандағы
N 1742 қаулысына
2-Қосымша

Облыстар мен Алматы қаласы әкімдерінің дербес
атқарушы органдарының
ҮЛГІ ТІЗБЕСІ

ЕСКЕРТУ. 2-қосымшаның атауы өзгертілді, ескерту 2-абзацпен толықтырылды - ҚРҮ-нің 1997.06.05. N 930 қаулысымен.

P970930_

ЕСКЕРТУ. 2-қосымша өзгертілді - ҚРҮ-нің 2000.12.28. N 1920 қаулысымен.

P001920_

Экономика басқармасы

Өнеркәсіп және сауда басқармасы

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы

Құрылыс, тұрғын үй, сәулет және аумақтарда құрылыс салу басқармасы

Ауыл шаруашылығы басқармасы

Денсаулық сақтау басқармасы

Білім басқармасы

Мәдениет басқармасы

Жастар ісі, туризм және спорт жөніндегі комитет

## Министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің аумақтық органдарының тізбесі

Қаржы басқармасы
Қаржы-валюталық бақылау басқармасы
Салық басқармасы
Қазынашылық басқармасы
Заң басқармасы
Статистика және талдау жөніндегі басқарма
Экология және биоресурстар басқармасы
Әскери комиссариат
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің аумақтық органдары

Ішкі басқармасы

Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық комитет
Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі комитет
Жекешелендіру жөніндегі комитет
Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитет
Төтенше жағдайлар жөніндегі басқарма

Ескерту. Көрсетілген органдарды қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүргізіледі.
Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын органдардың тізбесіне өзгерістерді облыстардың және Алматы қаласы әкімдерінің қарауы бойынша 1997 жылдың аяғына дейін енгізуге болады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 31 желтоқсандағы
N 1742 қаулысына
3-Қосымша

ЕСКЕРТУ. 3-6-қосымшалар жаңа редакцияда - ҚРҮ-нің 1997.06.05. N 930 қаулысымен.

P970930_

ЕСКЕРТУ. 3-қосымша өзгертілді - ҚРҮ-нің 1998.01.28. N 45

қаулысымен.

P980045_

Облыстардың, Алматы қаласының жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын өкілетті және атқарушы органдарының, мемлекеттік басқару органдары мен нотариалдық кеңселері қызметкерлерінің жалпы сананың ЛИМИТТЕРІ

(адам саны)

| Облыс | Мәслихаттар: Барлығы | Мәслихаттар: Соның ішінде облыстық | Әкім аппараты: Барлығы | Әкім аппараты: Соның ішінде облыстық | Облыстың басқа бөлімдері мен басқармалары | Облыс бойынша барлығы | Бұдан басқа нотариалдық кеңселер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ақмола | 102 | 7 | 1003 | 78 | 1109 | 2214 | 9 |
| Ақтөбе | 105 | 7 | 934 | 71 | 948 | 1987 | 28 |
| Алматы | 145 | 7 | 1725 | 78 | 1231 | 3101 | 63 |
| Атырау | 42 | 6 | 498 | 51 | 562 | 1102 | 26 |
| Шығыс Қазақстан | 159 | 7 | 1690 | 75 | 1902 | 3751 | 86 |
| Жамбыл | 65 | 6 | 1047 | 71 | 1007 | 2119 | 37 |
| Батыс Қазақстан | 83 | 6 | 882 | 68 | 1017 | 1982 | 34 |
| Қарағанды | 114 | 7 | 1596 | 77 | 1734 | 3444 | 109 |
| Қызылорда | 51 | 6 | 613 | 63 | 711 | 1375 | 18 |
| Қостанай | 110 | 7 | 1508 | 74 | 1653 | 3271 | 56 |
| Маңғыстау | 33 | 6 | 376 | 43 | 430 | 839 | 16 |
| Павлодар | 69 | 6 | 1098 | 71 | 1029 | 2196 | 47 |
| Солтүстік | 159 | 7 | 1660 | 69 | 1154 | 2973 | 68 |

Қазақстан

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Оңтүстік Қазақстан | 110 | 7 | 1292 | 71 | 1241 | 2643 | 60 |
| Алматы | 6 | 6 | 392 | 124 | 769 | 1167 | 122 |
| ЖИЫНЫ | 1353 | 98 | 16314 | 1081 | 16497 | 34164 | 779 |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 31 желтоқсандағы
N 1742 қаулысына
4-Қосымша

ЕСКЕРТУ. 4-қосымша өзгертілді - ҚРҮ-нің 1998.01.28. N 45 қаулысымен.

P980045_

Облыстардың, Алматы қаласының жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын жергілікті өкілетті және атқарушы органдары мен нотариалдық кеңселері қызметкерлерінің еңбекақы төлеу қоры мен қызметтік іссапар шығыстарының ЛИМИТТЕРІ

(мың теңге)

| Облыс | Облыс бойынша барлығы | | Бұдан басқа нотариалдық кеңселер |
|---|---|---|---|
| | Ақы төлеу қоры | Іссапар шығыстары | Ақы төлеу қоры |
| Ақмола | 208230 | 10868 | 4583 |
| Ақтөбе | 174143 | 14385 | 2591 |
| Алматы | 271660 | 4407 | 5832 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Атырау | 104036 | 7988 | 2406 |
| Шығыс Қазақстан | 417227 | 9070 | 7964 |
| Жамбыл | 178025 | 2377 | 3426 |
| Батыс Қазақстан | 168335 | 14349 | 3148 |
| Қарағанды | 365478 | 11727 | 10097 |
| Қызылорда | 202248 | 4264 | 1945 |
| Қостанай | 320720 | 14625 | 5231 |
| Маңғыстау | 94354 | 6099 | 1479 |
| Павлодар | 204520 | 9437 | 4353 |
| Солтүстік Қазақстан | 324081 | 14578 | 6295 |
| Оңтүстік Қазақстан | 228522 | 2965 | 5558 |
| Алматы қаласы | 108226 | 500 | 11307 |
| ЖИЫНЫ: | 3370584 | 127639 | 76215 |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 31 желтоқсандағы
N 1742 қаулысына
5-Қосымша

Облыстар, Алматы қаласы әкімдері орынбасарларының шекті саны

| Облыс | Адам саны | |
|---|---|---|
| | Барлығы | Соның ішінде бірінші орынбасарлар |
| Барлығы | 79 | 16 |
| Соның ішінде: | | |
| Ақмола | 6 | 2 |
| Ақтөбе | 5 | 1 |
| Алматы | 6 | 1 |
| Атырау | 4 | 1 |
| Шығыс Қазақстан | 6 | 1 |
| Жамбыл | 5 | 1 |

| | | |
|---|---|---|
| Батыс Қазақстан | 5 | 1 |
| Қарағанды | 6 | 1 |
| Қызылорда | 5 | 1 |
| Қостанай | 5 | 1 |
| Маңғыстау | 4 | 1 |
| Павлодар | 5 | 1 |
| Солтүстік Қазақстан | 6 | 1 |
| Оңтүстік Қазақстан | 5 | 1 |
| Алматы қаласы | 6 | 1 |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 31 желтоқсандағы
N 1742 қаулысына
6-Қосымша

ЕСКЕРТУ. 6-қосымша өзгертілді - ҚРҮ-нің 1998.01.28. N 45 қаулысымен.

P980045_

Облыстардың, Алматы қаласының жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік басқару органдары үшін қызметтік жеңіл автомобильдер санының
ЛИМИТТЕРІ

бірлік

| Облыс | Қызметтік жеңіл автомобильдер саны | Соның ішінде: облыстық мәслихаттар бойынша | Соның ішінде: әкімнің облыстық аппараттары бойынша |
|---|---|---|---|
| Барлығы: | 3019 | 14 | 201 |

Соның ішінде:

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ақмола | 265 | 1 | 16 |
| Ақтөбе | 200 | 1 | 13 |
| Алматы | 272 | 1 | 18 |
| Атырау | 83 | 1 | 11 |
| Шығыс Қазақстан | 303 | 1 | 18 |
| Жамбыл | 204 | 1 | 13 |
| Батыс Қазақстан | 204 | 1 | 13 |
| Қарағанды | 193 | 1 | 18 |
| Қызылорда | 141 | 1 | 11 |
| Қостанай | 284 | 1 | 15 |
| Маңғыстау | 43 | 1 | 11 |
| Павлодар | 178 | 1 | 13 |
| Солтүстік Қазақстан | 436 | 1 | 18 |
| Оңтүстік Қазақстан | 162 | 1 | 13 |
| Алматы қаласы | 51 | - | - |

Ескерту. Олардың 2-і мәслихат-жиналыс үшін, 13-і қала
әкімінің аппаратына

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 31 желтоқсандағы
N 1742 қаулысына
7-Қосымша

Жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың
қызметкерлері жекелеген санаттарының сандық
НОРМАТИВІ

---

| Қызметкерлердің жекелеген
| санаттарының арақатынасы

Құрылымдық бөлімшелер мынадай сандық құрамда құрылады:

| | |
|---|---|
| Бөлімдер (секторлар) | кем дегенде 3 адам болса |
| Бөлімнің бастығының орынбасары | бөлімде (бастықты қоса алғанда) кем дегенде 6 адам болғанда |
| Техникалық қызметшілер лауазымдарының саны (машинисткалар, хатшылар, іс жүргізушілер, архившілер және басқалар) | жалпы штат санының кем дегенде 5 проценті |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК